

Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 311 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 қарашада № 25345 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шардара ауданы әкімінің орынбасары А.Таженовке жүктелсін.

3. Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шардара ауданының әкімі

К. Жолдыбай

Шардара ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 22 қарашадағы
№ 311 қаулысына қосымша

Шардара ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 20.10.2023 № 287 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Елді мекеннің атауы	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қ.Тұрысбеков ауылдық округі	Шардара елді мекені	2,05
2		Ақберді елді мекені	1,95
3		Қуан-құдық елді мекені	1,95
4		Пішен төбе елді мекені	1,95
5		Бозай елді мекені	1,95
6		Бимырза елді мекені	1,92
7	Қоссейіт ауылдық округі	Қоссейіт елді мекені	2,05
8		Көксу елді мекені	2,05
9		Сырдария елді мекені	2,05

10	Көксу ауылдық округі	Айдарқұл-қашар елді мекені	1,95
11		Баспанды елді мекені	1,95
12		Жоласар елді мекені	1,95
13	Ұзын-ата ауылдық округі	Ұзын-ата елді мекені	2,05
14	Алатау батыр ауылдық округі	Алатау батыр елді мекені	2,05
15	Қызылқұм ауылдық округі	Қызылқұм елді мекені	2,05
16	Сүткент ауылдық округі	Сүткент елді мекені	2,05
17		Шабырлы елді мекені	1,95
18	Ақшеңгелді ауылдық округі	Ақалтын елді мекені	2,05
19		Егізқұм елді мекені	2,05
20	Достық ауылдық округі	Достық елді мекені	2,05
21	Жаушықұм ауылдық округі	Жаушықұм елді мекені	2,05
22		Бағыскөл елді мекені	1,95
23		Қалғансыр елді мекені	1,95
24		Құйған елді мекені	1,95
25	Шардара қаласы	Шардара қаласы	2,50
26		1-Мөлтек ауданы	2,30
27		2-Мөлтек ауданы	2,30
28		Төменгі тоғай мөлтек ауданы	2,15
29		Сол жағалау мөлтек ауданы	2,15
30		Жаңа мөлтек аудандары	2,15